

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Зейнетақы активтерінің есебінен иемденуге рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту және жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормаларды белгілеу туралы" 2013 жылғы 25 ақпандағы № 70 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 290 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 27 желтоқсанда № 9036 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 128 қаулысымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.07.2015 № 128 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы активтерінің есебінен иемденуге рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту және жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормаларды белгілеу туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 70 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8414 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 5 маусымда № 81 (2282) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа е н г і з і л е д і ж ә н е :

2013 жылғы 25 қаңтардан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылатын 5-тармақтың төртінші абзацын;

2013 жылғы 1 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылатын 1-тармақтың 1) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 2) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 2-тармақтың бірінші бөлігін, 3, 4 ж ә н е 7 - т а р м а қ т а р ы н ;

2013 жылғы 25 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылатын 1-тармақтың 1) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші және отыз сегізінші абзацтарын, 2) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы және отыз жетінші абзацтарын;

2013 жылғы 11 наурыздан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылатын 1-тармақтың 1) тармақшасының он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші және жиырма екінші абзацтарын, 2) тармақшасының оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы және жиырма бірінші абзацтарын;

осы қаулы күшіне енгеннен кейін қолданысқа енгізілетін 5-тармақтың екінші және үшінші абзацтарын қоспағанда, 2013 жылғы 24 қаңтардан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады; және 2014 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады.

Осы қаулының 1-тармағы 2) тармақшасының екінші абзацы 2013 жылғы 1 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады және 2013 жылғы 18 ақпанға дейін қолданылады.

Осы қаулының 1-тармағы 1) тармақшасының оныншы абзацы 2013 жылғы 1 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады және 2013 жылғы 11 наурызға дейін қолданылады.

Осы қаулының 6-тармағы 2013 жылғы 1 ақпаннан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады және осы қаулы күшіне енгенге дейін қолданылады. » .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

Төрағасы

Қ. Келімбетов

Ұ л т т ы қ

Б а н к